

## Қазақстан Республикасы құрылышы, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігінің мәселелері

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 15 қараша N 1136. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.03. N 1475 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Құрылышы, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігі қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары:

бүкіл құрылыш кешенін реттеу;

сәулет-қала құрылышы қызметінде және курделі құрылышта баға құрауда бірынғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу;

жаңа тұрғын үй саясатының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жалпы үйлестіру, оны одан әрі жетілдіру жөнінен ұсыныстар әзірлеу, меншік нысаны мен қаржыландыру көзіне қарамастан тұрғынжай құрылышы процесіне барлық қатысушылардың қызметіне қала құрылышы тұрғысынан бақылау жасаудың ережесін әзірлеу және ірікten бақылау жүргізу;

респубикалық және аймақтық құрылыш нормалары мен ережелерін әзірлеу мен бекіту, құрылыш пен сәулет, инвестициялық қызмет салаларында заң мен нормативті актілер жобаларын, құрылыштың экономикалық тетігін әзірлеу;

белгіленген тәртіпке сай сәулет-қала құрылышы қызметінің жүйесінде лицензиялауды, жобалардың мемлекеттік сараптамасын, құрылыш өнімдерінің сапасына және аумақтарда құрылыш салуда нормативтік талаптардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

құрылыш кешені холдинг компанияларының қызметін мемлекеттік реттеу;

мұдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, құрылыш пен аумақтарда құрылыш салу саласында аймақтық, респубикалық және мемлекетаралық проблемаларды шешуге және шетел инвестицияларын тарту мен жүзеге асыруға қатысу;

республикада қоныстанудың мемлекеттік схемасын әзірлеу, әрі оның негізінде мұдделі министрліктермен және ведомстволармен, жергілікті атқару органдарымен бірге аумақты тиімді пайдалануды, өнеркәсіптік, азаматтық, көліктік және рекреациялық құрылышты ұтымды орналастыру мен экономикалық

, әлеуметтік және экологиялық міндеттерді өзара байланыстыра шешуді қамтамасыз ету, республика аумағында мемлекеттік қала құрылышы кадастрын енгізу болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігі жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыру, құрылыш кешені мен аумақтарда құрылыш салуды мемлекеттік реттеу жөніндегі салааралық орган болып табылады және ол өз құзырына берілген мәселелер бойынша министрліктер, ведомстволар, жергілікті әкімдер, концерндер, холдинг компаниялары, корпорациялар, қауымдастықтар, ведомствоның бағыныстырынына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдар орындауға міндетті шешімдер қабылдайды деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігінің құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

4. Облыстардың орталықтарында, Алматы және Ленинск қалаларында Қазақстан Республикасының Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігінің сәулет-қала құрылышы қызметін лицензиялауды, құрылыш өнімдерінің сапасын бақылауды және жобалардың мемлекеттік сараптамасын жүзеге асыратын құрылымдары жұмыс істейтін болып белгіленсін.

5. <\*>

Ескерту. 5-ші тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.23.

Н 872 қаулысымен.

6. <\*>

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.12.

Н 813 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасының Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш сату министрлігіне құрылыш кешенінің холдинг компанияларымен бірлесіп, кадрларды қайта даярлау мен біліктілігін арттырудың нарық экономикасының талаптары ескерілген салық жүйесін ұйымдастыру тапсырылсын.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген адам санын және мемлекеттік басқару органдары қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің қолданылып жүрген шартын ескеріп, Қазақстан Республикасының Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігі бойынша 1993 жылға арналған еңбекақы қорын анықтасын, сондай-ақ осы министрлікке жабдықтар, іс техникасын, жиһаз және мұкәммал сатып алу мен ұстауға арнап жыл сайын қаржы, соның ішінде еркін айналыстағы шетел валютасын бөлуді қарастырсын. <\*>

Ескерту. 8-тармақтың бірінші абзацының күші жойылған -

ҚРМК-нің 1994 ж, 17 қарашадағы N 1301 қаулысымен.

9. Алқа құрамына министр мен оның орынбасарлары және лауазымына қарай министрліктің басшы қызметкерлері кіретін болып белгіленсін. <\*>

Алқа мүшелерін министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді. <\*>

Ескерту. 9-тармақтың бірінші абзацының бірінші сөйлемінің күші жойылған - ҚРМК-нің 1994 ж, 17 қараша N 1301 қаулысымен.

9-тармағына ішінәра өзгерту енгізілген Қазақстан Республикасының Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігіне құрамында 12 адамы бар алқа құруына рұқсат етілген - ҚРМК-нің 1994 ж. 20 шілдедегі N 819 қаулысымен.

(10-тармақ) <\*> .

Ескерту. 10-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1994 ж. 17 қараша N 1301 қаулысымен.

11. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі 1993-1994 жылдары Қазақстан Республикасының Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігіне қажетті компьютерлік техника беруді қарастырын.

12. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Алматы қаласының әкімімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігінің орталық аппаратын орналастыру үшін бір ай мерзімде Алматы қаласында қызмет үй-жайын бөлсін;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігіне өзінің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін және акциясының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын берсін.

13. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігінің орталық аппараты үшін үкіметтік, арнаулы және қалалық телефон байланысы нөмірлерінің қажетті санын бөлуді қарастырын.

14. Қазақстан Республикасының Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігі мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мұдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, екі ай мерзімде Республика Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы Қаулыға сәйкестендіру туралы ұсыныстарын Қазақстан

Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

15. Қазақстан Республикасының Құрылымын, тұрғын үй және аумақтарда құрылымын салу министрлігі бір ай мерзімде Министрлік туралы ереженің жобасын белгіленген тәртіппен өзірлең, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізсін.

16. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазақ КСР-інің Сәулет және құрылымы жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері туралы" 1991 жылғы 21 ақпандығы N 127 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 15 қарашадағы  
N 1136 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Құрылымын,  
тұрғын үй және аумақтарда құрылымын салу  
министрлігінің құрамына кіретін ұйымдардың

Тізбесі

Мемлекеттік ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименттік институты  
"КазНИИССА", Алматы қаласы

"Казгипроград" мемлекеттік жобалау институты, Алматы қаласы "  
Казводоканалпроект" мемлекеттік жобалау институты, Алматы қаласы "  
Кокшетаугорсельпроект" мемлекеттік жобалау институты, Көкшетау қаласы "  
Тургайпроект" мемлекеттік жобалау институты, Арқалық қаласы "  
Кустанайгражданпроект" мемлекеттік жобалау институты, Қостанай қаласы "  
Павлодаргражданпроект" мемлекеттік жобалау институты, Павлодар қаласы "  
ПавлодарГИИЗ" мемлекеттік инженерлік іздестірулер институты, Павлодар  
қаласы "Жезказгандергражданпроект" мемлекеттік жобалау институты, Жезқазған  
қаласы "КзылордагИИЗ" мемлекеттік инженерлік іздестірулер институты,  
Қызылорда қаласы "Целингражданпроект" мемлекеттік жобалау институты,  
Ақмола қаласы "Карагандагражданпроект" мемлекеттік жобалау институты,  
Қарағанды қаласы "КазНИОПС" мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы,  
Қарағанды қаласы "КарагандағИИЗ" мемлекеттік инженерлік іздестірулер

институты, Қарағанды қаласы "Стройизыскатель" мемлекеттік кәсіпорны, Петропавл қаласы "ВостокГИИЗ" мемлекеттік инженерлік іздестірулер институты, Өскемен қаласы "Стройизыскатель" мемлекеттік шағын кәсіпорны, Семей қаласы "АқтюбГИИЗ" мемлекеттік инженерлік іздестірулер институты, Ақтөбе қаласы "Казтиппроект" мемлекеттік үлгі-жобалау институты, Алматы қаласы Құрылыштың басшы қызметкерлері мен құрылыш мамандарының біліктілігін арттыру мемлекеттік институты "РИПКС", Алматы қаласы "КазГИИЗ" инженерлік іздестірулер жалгерлік бас институты, Алматы қаласы "Атыраупроект" жалгерлік жобалау институты, Атырау қаласы "Жамбылгражданпроект" жалгерлік жобалау институты, Жамбыл қаласы "Южгражданпроект" жалгерлік жобалау институты, Шымкент қаласы "ЮжГИИЗ" инженерлік іздестірулер жалгерлік институты, Шымкент қаласы "Изыскатель" инженерлік іздестірулер жалгерлік институты, Жамбыл қаласы "Севгражданпроект" жалгерлік кәсіпорны, Петропавл қаласы Республикалық салааралық құрылыш саласындағы ғылыми-техникалық ақпарат орталығы "КазЦНТИС", Алматы қаласы "Гражданельпроект" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы "Промстройпроект" акционерлік кәсіпорны, Алматы қаласы "Интерпроект" акционерлік жалгерлік кәсіпорны, Алматы қаласы "Индусқұрылышжоба" Целиноград мемлекеттік жобалау-конструкторлық және технологиялық институтының шағын мемлекеттік кәсіпорны, Ақмола қаласы "Қазақ Ауырөнеркесіпелектржоба" мемлекеттік жобалау институты, Алматы қаласы "Сантехжоба" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы <\*>

Ескерту. Тізбе толықтырылған және өзгерген - ҚРМК-нің 1994 ж.

17 қараша, N 1301 қаулысы бойынша.